



Нұр-Сұлтан қаласы
04.02.2022ж.

Баспасөз хабарламасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2022 жылғы 4 ақпанда қосымша білім берудің ғылыми-техникалық бағытының бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Отырысқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, балалардың ғылыми-техникалық шығармашылық бағдарламаларын іске асыратын республиканың қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, серіктестер қатысады.

Үйлестіру кеңесінде балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығының дамуы мен болашағын жүзеге асыру мәселелері қаралады.

Қазіргі уақытта республикада 17877 оқушыны қамтитын 20 жас техниктер станциялары мен орталықтары, мектептерде 78052 оқушыны қамтитын 3810 техникалық бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді.

Сонымен қатар, 425 балалар шығармашылық орталықтарында техникалық үйірмелер бағыты бойынша 21 503 бала жұмыс істейді.

Оқушылар сарайларының және басқа да ұйымдардың базасында 33 технопарк пен 25 бизнес-инкубатор жұмыс істейді.

Үйлестіру кеңесінде ведомствоаралық ынтымақтастық мәселелерін нығайтуға, балаларды оқытуда заманауи мультимедиялық және цифрлық технологияларды пайдалануға, техно және бизнес салаларының инновациялық үлгілерін енгізуге, жалпы орта және қосымша білім беруді интеграциялаудың әртүрлі нысандарына, STEM-білім беруді дамытуға, кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру мәселелеріне көңіл бөлінеді.

Қатысушыларды қосымша білім берудің заманауи үлгілерін әзірлеудің халықаралық тәжірибесімен таныстыруға ерекше назар аударылады.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері Байқоңыр қаласында орналасқан В.Н.Челомей атындағы Халықаралық ғарыш мектебінің және Челябинск

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Нур-Султан, пр. Мәңгілік ел, 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz

қаласының Ресей оқу робототехникасы қауымдастығы орталығының тәжірибелерімен танысудың бірегей мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстандағы мектеп және студенттік ғылыми-техникалық шығармашылықты және технологиялық кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын әзірлеу тәсілдері туралы және халықаралық заманауи кәсіптік білім беру академиясының қызметі және KidSkills форматындағы жарыс қозғалысын дамыту туралы Атамекен ҚР ҰКП мектеп және студенттік технологиялық кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі кіші комитетінің жетекшісі, отбасы мен тұлғаны дамыту халықаралық академиясының өкілдері бөліседі.

Үйлестіру кеңесінің қатысушылары қорытынды ұсыныстарды әзірлейді.

Қосымша ақпарат алу үшін: + 7 (7172) 72-98-99, 8 (776) 151-56-62;
e-mail: rumcdo_nto@mail.ru